Әділет

# Қоршаған ортаны қорғау саласындағы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 393-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 11 наурызда № 8368 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 369 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 22.05.2015 № 369 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2000 жылғы 27 карашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 9-1-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26-қазандағы № 1116 «Электрондық мемлекеттік қызметінің үлгі регламентін бекіту туралы» қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) 1-қосымшаға сәйкес «Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру»;

2) 2-қосымшаға сәйкес «Озон қабатын бұзатын және құрамында солардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру»;

3) 3-қосымшаға сәйкес «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру»;

4) 4-қосымшаға сәйкес «I санаттағы объектілері үшін экологиялық рұқсат беру»;

5) 5-қосымшаға сәйкес «Қауіпті қалдықтар паспорттарын тіркеу»;

6) 6-қосымшаға сәйкес «I санаттағы объектілері үшін мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын беру» элеткрондық мемлекеттік қызмет регламенттері бекітілсін.

2. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2012 жылғы 4 қыркүйектегі № 275-Ө бұйрығының (Қазақсатн Республикасы Әділет министрлігінде № 7933 тіркелген) күші

жойылды деп танылсын.

3. Экологиялық реттеу және бақылау комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуден өткен соң оны ресми жариялауды;

3) осы бірлескен бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі Б.Т Әбдішевке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр Н.Қаппаров*

*«КЕЛІСІЛДІ»*
*Қазақстан Республикасы*
*Көлік және коммуникация министрі*
*_______________ А. Жұмағалиев*

*2013 жылғы 15 ақпан*

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2012 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 393-Ө бұйрығына
1-қосымша

# «Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру» электрондық мемлекеттік қызметтің регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. «Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып, жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру» электрондық мемлекеттік қызметті (бұдан әрі - қызмет) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті (бұдан әрі - қызмет көрсетуші) көрсетеді, халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталықтар)

арқылы, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.e.gov.kz. және « е-лицензиялау» веб-порталы: www.elicense.kz арқылы көрсетіледі.

2. Қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 тамыздағы № 1033 Қаулысымен бекітілген «Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып , жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет Стандарты негізінде көрсетіледі (бұдан әрі - Стандарт).

3. Қызметтің автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған.

4. Қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) АЖО - автоматтандырылған жұмыс орны;

2) ақпараттық жүйе - аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату, тапсыру және беру үшін арналған жүйе ( бұдан әрі - АЖ);

3) БНАЖ - бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе;

4) бизнес-сәйкестендіру нөмірі - бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға (филиал және өкілдік) және жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - БСН);

5) «Е-лицензиялау» веб-порталы - берілген, қайта рәсімделген, тоқтатылған, қайта жаңғыртылған және лицензияның қолданылуы тоқтатылған, сондай-ақ лицензияланатын қызмет (кіші қызмет) түрі жүзеге асыратын лицензиаттың филалдары, өкілдіктері (объектілері, пунктер, учаскелер) туралы мәліметті қамтитын ақпараттық жүйе, лицензиармен берілетін лицензиялардың сәйкестік нөмірлерін қалыптастыратын орталық (бұдан әрі - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ);

6) «жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқоры - ақпаратты автоматтандырылған түрде жинау, сақтау және өңдеу, Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғалардың бірыңғай сәйкестендірме нөмірлерін енгізу және олар туралы көкейтесті және шынайы мәліметтерді мемлекеттік басқару органдарына және өзге субъектілерге олардың өкілеттіктері шеңберінде беру мақсатында жеке сәйкестендірме нөмірлерінің Ұлттық тізілімін жасауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЖТ МДҚ);

7) жеке сәйкестендіру нөмірі - жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - ЖСН);

8) «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры - ақпаратты автоматтандырылған түрде жинау, сақтау және өңдеу, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, филиалдардың, өкілдіктердің және жеке бірлескен кәсіпкерлік субъектілерінің бірыңғай Ұлттық сәйкестендірілуін енгізу мақсатында Бизнес-сәйкестендіру

нөмірлерінің Ұлттық тізілімін жасауға және мемлекеттік басқару органдарына және олардың өкілеттілігі шеңберінде өзге де субьектілерге, олар туралы өзекті және нақты мәліметтерді беруге арналған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - ЗТ М Д Қ ) ;

9) Қазақстан Республикасы халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі - Қазақстан Республикасы халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы халыққа (жеке және заңды тұлғаларға) қызмет көрсету үрдісін автоматтандыру үшін арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ХҚКО АЖ);

10) құрылымдық-функционалды бірліктер - электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын мемлекеттік органдар құрылымдық бөлімшелерінің, мемлекеттік мекемелердің тізбесі (бұдан әрі - ҚФБ);

11) мемлекеттік электрондық қызмет - ақпараттық технологияларды пайдаланумен электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

12) пайдаланушы - ақпараттық жүйеге оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін жүгінетін және оларды пайдаланатын (тұтынушы, қызмет көрсетуші) субъект;

13) тұтынушы - электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке және заңды тұлға;

14) транзакциялық қызмет - пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру бойынша электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін қызмет;

15) «электрондық-үкімет» шлюзі - электрондық қызметтерді іске асыру аясында «электрондық үкімет» ақпараттық жүйесін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮШ);

16) «электрондық үкіметтің» веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік электрондық қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮП);

17) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы (бұдан әрі - ЭЦҚ);

18) электрондық құжат - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

19) электрондық рұқсат - ақпараттық технологияларды қолдану арқылы рәсімделетін және берілетін электронды құжат нысанындағы рұқсат, қағаз нұсқалармен теңдес.

## 2. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет берушінің қызмет тәртібі

6. Қызмет берушінің ЭҮП арқылы әрекеттері мен шешімдері (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы өзара іс-қимылдың функционалдық № 1-диаграммасы) осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген:

1) тұтынушы компьютердің интернет-браузеріне сақталған өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен ЭҮП тіркеуді жүзеге асырады (ЭҮП тіркелмеген тұтынушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1 үдеріс - алушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін компьютердің интернет-браузеріне бекітуі, мемлекеттік қызметті алу үшін алушының ЭҮП парольді енгізуі (авторизациялау үдерісі);

3) 1 шарт - логин (ЖСН/БСН) және пароль арқылы тіркелген тұтынушылыр туралы деректердің дұрыстығын ЭҮП тексеру;

4) 2 үдеріс - тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты, ЭҮП авторизациялаудан бас тарту хабарламасын қалыптастырады;

5) 3-үдеріс - осы Регламентте көрсетілген «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ тұтынушының қызметті таңдауы, экранға қызмет көрсету үшін өтініш формасын шығару және тұтынушы оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып форманы толтырады (деректерді енгізу), қажетті құжаттарды электрондық түрде қосымша тіркеледі;

6) 4-үдеріс - сұранысты растау (қол қою) үшін тұтынушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдайды;

7) 2-шарт - ЭҮП ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолдану мерзімін және қайтарып алынған (күші жойылған) тізімде тіркеу куәліктерінің болмауын, сондай-ақ сұраныста көрсетілген ЖСН/БСН сәйкестендіргіштер мәліметінің және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы деректердің сәйкес келуін тексеру;

8) 5-үдеріс - тұтынушының ЭЦК түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-үдеріс - тұтынушының ЭЦҚ көмегімен қызмет көрсетуге сұраныстың толтырылған нысанын (енгізілген деректерді) куәландыруы (қол қоюы);

10) 7-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ электрондық құжатты ( тұтынушының сұранысын) тіркеу және «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ, өтінімді өңдеу;

11) 3-шарт - қызмет беруші тұтынушының біліктілік талаптарына және рұқсат беру негіздеріне сәйкестігін тексеру;

12) 8-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ тұтынушының деректерінде

бұзушылықтардың болуына байланысты сұраныс берген қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

13) 9-үдеріс - тұтынушының «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ қалыптастырған электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін (электрондық рұқсат) алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдаланумен құрастырылады.

7. Қызмет беруші арқылы қадамдық әрекеттері мен шешімдері (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы өзара іс-қимылдың функционалдық № 2-диаграммасы) осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген:

1) 1-үдеріс - мемлекеттік қызметті көрсету үшін қызмет беруші қызметкері « Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ логині мен паролін енгізеді (авторизациялау үдерісі);

2) 1-шарт - логин және паролі арқылы «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ қызмет беруші қызметкерінің тігілгендігі туралы деректердің растығын тексереді;

3) 2-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ қызмет беруші қызметкерінің деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты авторизациялаудан бас тарту хабарламасын қалыптастыру;

4) 3-үдеріс - қызмет беруші қызметкерімен осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызмет көрсету үшін сұраныс формасын экранға шығару және қызмет беруші қызметкері тұтынушының деректерін енгізу;

5) 4-үдеріс - ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ ЭҮШ арқылы тұтынушы деректері туралы, БНАЖ тұтынушы уәкілінің сенімхат деректері туралы сұрау жолдау;

6) 2-шарт - ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ тұтынушы деректерінің, БНАЖ сенімхат деректерінің болуын тексеру;

7) 5-үдеріс - ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ тұтынушы деректерінің, БНАЖ сенімхат деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 6-үдеріс - сауал нысанын құжаттардың қағаз нысанында болуын белгілеу бөлігінде толтыру және қызмет беруші қызметкерінің алушы Стандарттың 11-тармағына сәйкес ұсынған қажетті құжаттарды сканерлеуі және оларды сауал нысанына бекітуі;

9) 7-үдеріс - «Е:-Лицензиялау» МДҚ АЖ сұрау салуды тіркеу және « Е-лицензиялау» МДҚ АЖ қызметті өңдеу;

10) 3-шарт - қызмет беруші тұтынушының біліктілік талаптарына және рұқсат беру негіздеріне сәйкестігін тексеру;

11) 8-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ тұтынушыларының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұраныс берген қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 9-үдеріс - тұтынушының ЭҮП қалыптастырған электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін (электрондық рұқсат) алуы. Электрондық құжат қызмет

берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдаланумен құрастырылады.

8. Қызмет берушінің ХҚКО АЖ АЖО арқылы әрекеттері мен шешімдері ( электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы өзара іс-қимылдың функционалдық № 3-диаграммасы) осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген:

1) 1-үдеріс - қызмет көрсету үшін Орталық операторы ХҚКО АЖ АЖО логині мен паролін (авторизациялау үдерісі) енгізу;

2) 2-үдеріс - осы Регламентте көрсетілген қызметті Орталық операторы таңдайды, қызмет көрсету үшін сұраныс формасы экранға шығады және Орталық операторы тұтынушының деректерін енгізеді;

3) 3-үдеріс - ЭҮП арқылы ЖТ МДҚ/Т МДҚ тұтынушы дерегі туралы, тұтынушы уәкілінің сенімхат дерегі туралы сұраныс жолдайды;

4) 1-шарт - ЖТ МДҚ/Т МДҚ тұтынушы деректерінің, БНАЖ сенімхат деректерінің болуын тексеру;

5) 4-үдеріс - ЖТ МДҚ/Т МДҚ тұтынушы деректерінің, БНАЖ сенімхат деректерінің болмауына байланысты ақпарат алу мүмкін еместігі хабарламасын қалыптастыру;

6) 5-үдеріс - Орталық оператор сұраныс формасының қағаз түрінде құжаттар нұсқасы бар екендігін туралы бөлігінде толтырады және тұтынушымен ұсынылған құжаттарды сканерлейді, қызмет көрсету үшін толтырылған сұраныс формасын (деректер енгізілген) ЭЦҚ арқылы растайды және сұраныс формасына оларды қосымша бекітеді.

7) 6-үдеріс - ЭҮП арқылы «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ Орталық операторының ЭЦҚ расталған (қол қойылған) электрондық құжатты ( тұтынушының сұранысын) жолдайды;

8) 7-үдеріс - «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ электрондық құжатты тіркеу;

9) 2-шарт - қызмет беруші тұтынушымен қосымша бекітілген құжаттарды Стандарттың 11-тармағында көрсетілген және қызмет көрсету негіздеріне сәйкестігін тексеру (өңдеу);

10) 8-үдеріс - «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ тұтынушының құжаттарында бұзушылықтардың болуына байланысты сұраныс берген қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

11) 9-үдеріс - тұтынушының Орталық операторы арқылы «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ қалыптастырылған қызмет қорытындысын алуы (электрондық рұқсат).

9. Қызметке сұраныс және қорытынды формасы «Е-Лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталында көрсетілген.

10. Электрондық мемлекеттік қызмет бойынша сұраныстың орындалу мәртебесін алушының тексеру амалдары: «электрондық үкімет» порталында « қызмет алу тарихы» бөлімінде, сондай-ақ уәкілетті органға жүгінген кезде.

11. Қызметті көрсету бойынша қажетті ақпаратты және кеңесті Call-орталығының (1414) ақысыз телефоны бойынша алуға болады.

## 3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өзара іс-әрекет тәртібінің сипаттамасы

12) Қызмет көрсету үдерісіне қатысатын ҚФБ:
1) ЭҮП;
2) ЭҮШ;
3) «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ;
4) ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ;
5) БНАЖ;
6) ХҚКО АЖ АЖО;
7) қызмет көрсетуші.

13. Олардың сипаттамасына сәйкес әрекеттердің жүйелілігі (қызмет көрсету үдерісінде) арасындағы логикалық байланысты көрсететін диаграмма осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

14. Әр қимылдың орындалу мерзімі көрсетілген әрекеттердің (процедурасы, функциясы, операциясы) жүйелілігінің текстік, кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

15. Тұтынушыларға көрсетілген қызмет нәтижесінің сапалық көрсеткіші және қол жетімділігі осы Регламенттің 3-қосымшасына сәйкес өлшенеді.

16. Тұтынушыға қызмет көрсету үрдісіне қойылатын талаптар:
1) құпиялылық (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттарды алудан қорғау);
2) тұтастық түгелдік (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттардың өзгеруінен қорғау);
3) қолжетімділік (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттар мен қорларды ұстаудан қорғау).

17. Қызмет көрсетудің техникалық шарттары:
1) Ғаламторға шығу;
2) рұқсат берілетін тұлғаның ЖСН/БСН болуы;
3) ЭҮП-те авторизациялану;
4) пайдаланушының ЭЦҚ болуы.

«Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып, жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет

көрсетуге рұқсат беру» электрондық мемлекеттік қызметті көрсету Регламентіне
1-қосымша

## ЭҮП арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өзара функционалды әрекет етудің № 1-диаграммасы




## Қызмет көрсетуші арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өзара функционалды әрекет етудің № 2-диаграммасы




ХҚКО АЖ арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өзара функционалды әрекет етудің № 3-диаграммасы




Шартты белгілер:




«Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып, жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру» электрондық мемлекеттік қызметті көрсету Регламентіне
2-қосымша

## 1-Кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-әрекет № (жүріс, жұмыс ағыны) | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 2 | ҚФБ-нің атауы | Тұтынушы | ЭҮП | Тұтынушы | Тұтынушы | ЭҮП |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Іс-әрекет атауы (үрдіс, процедура, операция) және олардың сипаттамасы | Интернет-браузерде тұтынушының компьютеріндегі ЭЦҚ тіркеу куәлігін қосу | Тұтынушы мәліметтерінде бұзушылықтардың бар болуына байланы сты бас тарту хабарламасы қалыптастыру | Қызметті таңдайды және сұраныс формасының мәліметі не қажетті құжаттарды электронды түрде тіркейді | Сұранысты растау үшін ЭЦҚ таңдау ( қол қою) | Тұтынушыны Э Ц Қ дәлелденбеген байланысты б тарту хабарламасын қалыптастыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| 4 | Аяқтау формасы ( мәлімет, құжат, ұйымдастырун-өкімдік шешім) | Сәтті сұраныс қалыптастырылған туралы хабарламаны көрсету | Сұраған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Сәтті сұраныс қалыптастырылғаны туралы хабарламаны көрсету | Сұранысты жолдау | Сұраған электрондық мемлекеттік қызметтен ба тарту турал хабарламаны қалыптастыру |
| 5 | Орындалу | 10-15 сек | 20 сек | 1,5 мин | 10-15 сек | 10-15 сек |
| 6 | Келесі әрекеттің нөмірі | 2-егер тұтынушы мәліметтерінде бұзушылықтар; 3-егер авторизация сәтті өтсе | - | 4 | 7-егер ЭЦҚ қателік, 8-егер ЭЦҚ қатесіз | - |

# 2-Кесте. Қызмет көрсетуші арқылы ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-әрекет № (жүрісі жұмыс ағыны) | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 2 | ҚФБ-нің атауы | Қызмет көрсетуші | «Е Лицензиялау» МДҚ АЖ | Қызмет көрсетуші | ЗТ МДҚ, ЖТ МДҚ, БНАЖ | «Е МД |
| 3 | Іс-әрекет атауы (үрдіс процедура, операция) және олардың сипаттамасы | «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ авторизациялану | Мәліметтерде бұзушылықтардың бар болуына байланысты бас тарту хабарламасын қалыптастыру | Қызмет көрсет уші қызметкермен қызметті таңдауы | ЗТ МДҚ, ЖТ МДҚ тұтынушы мәліметтерін тексеруге сұраныс жолдау | Мә бұ ба ба та ха қа |
| 4 | Аяқтау формасы (мәлімет, құжат, | Сәтті сұраныс қалыптастырылғаны | Сұраған электрондық мемлекеттік қызметтен бас | Сәтті сұраныс қалыптастырылғаны | Сұранысты жолдау | Сұ эл ме қы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | организациялы-басқарушылық шешім) | туралы хабарламаны көрсету | тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | туралы хабарламаны көрсету | | та ха қа |
| 5 | Орындау мерзімі | 10-15 сек | 10 сек | 1,5 мин | 1,5 мин | 1,5 |
| 6 | Келесі іс-әрекеттің нөмірі | 1-қызмет көрсетуші қызметкерінің мәліметтерін логин және паролінің дәлелдігін «Е-Лицензиялау» МДҚ АҚ тексеру | - | 4- | 5-егер тұтынушы мәліметтерінде бұзушылықтар бар; 6-егер авторизация сәтті өтсе | - |

# 3-Кесте. ХҚКО арқылы ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-әрекет № (жүрісі жұмыс ағыны) | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 2 | ҚФБ-нің атауы | ХҚКО АЖ АЖО | Орталық операторы | Орталық операторы | ЗТ МДҚ/ ЖТ МДҚ, БНАЖ | Орталық операторы |
| 3 | Іс-әрекет атауы (үрдіс процедура, операция) және олардың сипаттамасы | Орталық операторы логин және паролімен авторизацияланады | Қызметті таңдайды және сұраныс мәліметін қалыптастырады | ЗТ МДҚ, ЖТ МДҚ сұраныс жолдайды | Тұтынушы мәліметтерінің жоқ болуына байланысты мәлімет алу мүмкін еместігі туралы хабарлама қалыптастырады | Сұраныс формасына қажетті құжаттарды ЭЦҚ куәлі тіркеп сұран толтыру |
| 4 | Аяқтау формасы (мәлімет, құжат, организациялы-басқарушы шешім) | Өтінімге нөмір беріліп сұранысты жүйеде тіркеу | Сұранысты сәтті қалыптастырғаны туралы хабарламаны көрсету | Сұранысты жолдау | Дәлелді бас тартуды қалыптастыру | Сұранысты қалыптасты туралы хабарламан көрсету |
| 5 | Орындау мерзімі | 30 сек-1 минут | 30 сек | 1,5 мин | 1,5 мин | 30 сек-1 мин |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Келесі іс-әрекеттің нөмірі | 2 | 3 | 4- егер тұтынушы мәліметтерінде бұзушылы қтар бар; 5- егер бұзушылықтар жоқ | - | - |

«Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып, жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру» электрондық мемлекеттік қызметті көрсету Регламентіне
3-қосымша

## Электрондық мемлекеттік қызметтерінің «сапа» және «қолжетімділік» көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнаманың нысаны

__________________________________________________________

(қызметтің атауы)

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанған жоқпын;
2) ішінара қанағаттанамын;
3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанған жоқпын;
2) ішінара канағаттанамын;
3) қанағаттанамын.

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 393-Ө бұйрығына
2-қосымша

## «Озон қабатын бұзатын және құрамында олардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензиялар беру,

**лицензиялардың телнұсқасын беру»**
**электрондық мемлекеттік қызметтің регламенті**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Озон қабатын бұзатын және құрамында олардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензиялар беру, лицензиялардың телнұсқасын беру» мемлекеттік қызметті (бұдан әрі - қызмет) мемлекеттік қызметті (бұдан әрі - қызмет) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті (бұдан әрі - қызмет көрсетуші) көрсетеді, халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталықтар) арқылы, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.e.gov.kz немесе « е-лицензиялау» веб-порталы: www.elicense.kz арқылы көрсетіледі.

2. Қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 тамызда № 1033 Қаулысымен бекітілген «Озон қабатын бұзатын және құрамында олардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензиялар беру, лицензиялардың телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет Стандарты негізінде көрсетіледі (бұдан әрі - Стандарт).

3. Қызметтің автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған.

4. Қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы регламентте қолданылған ұғымдар мен қысқартулар:

1) АЖО - автоматтандырылған жұмыс орны;

2) ақпараттық жүйе - аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату, тапсыру және беру үшін арналған жүйе ( бұдан әрі - АЖ);

3) БНАЖ - бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе;

4) бизнес-сәйкестендіру нөмірі - бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға (филиал және өкілдік) және жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - БСН);

5) «Е-лицензиялау» веб-порталы - берілген, қайта рәсімделген, тоқтатылған, қайта жаңғыртылған және лицензияның қолданылуы тоқтатылған, сондай-ақ лицензияланатын қызмет (кіші қызмет) түрі жүзеге асыратын лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттер, учаскелер) туралы мәліметті қамтитын ақпараттық жүйе, лицензиармен берілетін лицензиялардың сәйкестік нөмірлерін қалыптастыратын орталық (бұдан әрі - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ);

6) «жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқоры - ақпаратты автоматтандырылған түрде жинау, сақтау және өңдеу, Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғалардың бірыңғай сәйкестендірме нөмірлерін енгізу және олар туралы

көкейтесті және шынайы мәліметтерді мемлекеттік басқару органдарына және өзге субъектілерге олардың өкілеттіктері шеңберінде беру мақсатында жеке сәйкестендірме нөмірлерінің Ұлттық тізілімін жасауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЖТ МДҚ);

7) жеке сәйкестендіру нөмірі - жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - ЖСН);

8) «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры - ақпаратты автоматтандырылған түрде жинау, сақтау және өңдеу, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, филиалдардың, өкілдіктердің және жеке бірлескен кәсіпкерлік субъектілерінің бірыңғай Ұлттық сәйкестендірілуін енгізу мақсатында Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізілімін жасауға және мемлекеттік басқару органдарына және олардың өкілеттілігі шеңберінде өзге де субьектілерге, олар туралы өзекті және нақты мәліметтерді беруге арналған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - ЗТ МДҚ);

9) Қазақстан Республикасы халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі - Қазақстан Республикасы халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы халыққа (жеке және заңды тұлғаларға) қызмет көрсету үрдісін автоматтандыру үшін арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ХҚКО АЖ);

10) құрылымдық-функционалды бірліктер - электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын мемлекеттік органдар құрылымдық-бөлімшелерінің, мемлекеттік мекемелердің тізбесі (бұдан әрі - ҚФБ);

11) мемлекеттік электрондық қызмет - ақпараттық технологияларды пайдаланумен электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

12) пайдаланушы - ақпараттық жүйеге оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін жүгінетін және оларды пайдаланатын (тұтынушы, қызмет көрсетуші) субъект;

13) тұтынушы - электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке және заңды тұлға;

14) транзакциялық қызмет - пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру бойынша электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін қызмет;

15) «электрондық-үкімет» шлюзі - электрондық қызметтерді іске асыру аясында «электрондық үкімет» ақпараттық жүйесін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮШ);

16) «электрондық үкіметтің» веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік электрондық қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін

ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮП);

17) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы (бұдан әрі - ЭЦҚ);

18) электрондық құжат - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

19) электрондық лицензия - ақпараттық технологияларды қолдану арқылы рәсімделетін және берілетін электронды құжат нысанындағы лицензия, қағаз нұсқалармен теңдес.

## 2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызмет көрсетушінің қызмет тәртібі

6. Қызмет берушінің ЭҮП арқылы әрекеттері мен шешімдері (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы өзара іс-қимылдың функционалдық № 1-диаграммасы) осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген:

1) тұтынушы компьютердің интернет-браузеріне сақталған өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен ЭҮП тіркеуді жүзеге асырады (ЭҮП тіркелмеген тұтынушы үшін жүзеге асырылады);

2) 1 үдеріс - алушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін компьютердің интернет-браузеріне бекітуі, мемлекеттік қызметті алу үшін алушының ЭҮП парольді енгізуі (авторизациялау үдерісі);

3) 1 шарт - логин (ЖСН/БСН) және пароль арқылы тіркелген тұтынушылыр туралы деректердің дұрыстығын ЭҮП тексеру;

4) 2 үдеріс - тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты, ЭҮП авторизациялаудан бас тарту хабарламасын қалыптастырады;

5) 3-үдеріс - осы Регламентте көрсетілген «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ тұтынушының қызметті таңдауы, экранға қызмет көрсету үшін өтініш формасын шығару және тұтынушы оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып форманы толтырады (деректерді енгізу), қажетті құжаттарды электрондық түрде қосымша тіркеледі;

6) 4-үдеріс - ЭҮТШ қызметті төлеу, кейін бұл ақпарат «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ түседі;

7) 2-шарт - «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ қызмет көрсетуге төлем фактісін тексеру;

8) 5-үдеріс - «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ қызмет көрсетуге төлем фактісінің болмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-үдеріс - сұранысты растау (қол қою) үшін тұтынушы ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдайды;

10) 3-шарт - ЭҮП ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолдану мерзімін және қайтарып алынған (күші жойылған) тізімде тіркеу куәліктерінің болмауын сондай-ақ сұраныста көрсетілген ЖСН/БСН сәйкестендіргіштер мәліметінің/және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН БСН арасындағы деректердің сәйкес келуін тексеру;

11) 7-үдеріс - тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 8-үдеріс - тұтынушының ЭЦҚ көмегімен қызмет көрсетуге сұраныстың толтырылған нысанын (енгізілген деректерді) куәландыруы (қол қоюы);

13) 9-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ электрондық құжатты (тұтынушының сұранысын) тіркеу және «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ сұранысты өңдеу;

14) 4-шарт - қызмет беруші тұтынушының біліктілік талаптарға және лицензия беру негіздеріне сәйкестігін тексеру;

15) 10-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұраныс берген қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

16) 11-үдеріс тұтынушының «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ қалыптастырған электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін (электрондық лицензия) алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдаланумен құрастырылады.

7. Қызмет беруші арқылы қадамдық әрекеттері мен шешімдері (қызмет көрсету барысындағы өзара іс-қимылдың функционалдық № 2-диаграммасы) осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген:

1) 1-үдеріс - мемлекеттік қызметті көрсету үшін қызмет беруші қызметкері «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ логині мен паролін енгізеді (авторизациялау үдерісі);

2) 1-шарт - логин және паролі арқылы «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ қызмет беруші қызметкерінің тіркелгендігі туралы деректердің растығын тексереді;

3) 2-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ қызмет беруші қызметкерінің деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты авторизациялаудан бас тарту хабарламасын қалыптастыру;

4) 3-үдеріс - қызмет беруші қызметкерімен осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызмет көрсету үшін сұраныс формасын экранға шығару және қызмет беруші қызметкері тұтынушының деректерін енгізу;

5) 4-үдеріс - ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ ЭҮШ арқылы тұтынушы деректері туралы сұрау жолдау;

6) 2-шарт - ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ тұтынушы деректерінің болуын тексеру;
7) 5-үдеріс - ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ тұтынушы деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру;
8) 6-үдеріс - сауал нысанын құжаттардың қағаз нысанында болуын белгілеу бөлігінде толтыру және қызмет беруші қызметкерінің алушы Стандарттың 11-тармағына сәйкес ұсынған қажетті құжаттарды сканерлеуі және оларды сауал нысанына бекітуі;
9) 7-үдеріс - «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ сұрау салуды тіркеу және « Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ қызметті өңдеу;
10) 3-шарт - қызмет беруші тұтынушының біліктілік талаптарына және рұқсат беру негіздеріне сәйкестігін тексеру;
11) 8-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұраныс берген қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;
12) 9-үдеріс - тұтынушының ЭҮП қалыптастырған электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін (электрондық лицензия) алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдаланумен құрастырылады.
8. Қызмет берушінің ХҚКО АЖ АЖО арқылы әрекеттері мен шешімдері ( электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы өзара іс-қимылдың функционалдық № 3-диаграммасы) осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген:
1) 1-үдеріс - қызмет көрсету үшін Орталық операторы ХҚКО АЖ АЖО логині мен паролін (авторизациялау үдерісі) енгізу;
2) 2-үдеріс - осы Регламентте көрсетілген қызметті Орталық операторы таңдайды, қызмет көрсету үшін сұраныс формасы экранға шығады және Орталық операторы тұтынушының деректерін енгізеді;
3) 3-үдеріс - ЭҮП арқылы ЖТ МДҚ/Т МДҚ тұтынушы дерегі туралы, тұтынушы уәкілінің сенімхат дерегі туралы сұраныс жолдайды;
4) 1-шарт - тұтынушы мәліметтерінің ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ болуын тексеру;
5) 4-үдеріс - ЖТ МДҚ/Т МДҚ тұтынушы деректерінің болмауына байланысты ақпарат алу мүмкін еместігі хабарламасын қалыптастыру;
6) 5-үдеріс - Орталық оператор сұраныс формасының қағаз түрінде құжаттар нұсқасы бар екендігін туралы бөлігінде толтырады және тұтынушымен ұсынылған құжаттарды сканерлейді, қызмет көрсету үшін толтырылған сұраныс формасын (деректер енгізілген) ЭЦҚ арқылы растайды және сұраныс формасына оларды қосымша бекітеді.
7) 6-үдеріс - ЭҮП арқылы «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ Орталық операторының ЭЦҚ расталған (қол қойылған) электрондық құжатты ( тұтынушының сұранысын) жолдайды;

8) 7-үдеріс - «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ электрондық құжатты тіркеу;
9) 2-шарт - қызмет беруші тұтынушымен қосымша бекітілген құжаттарды Стандарттың 11-тармағында көрсетілген және қызмет көрсету негіздеріне сәйкестіктігін тексеру (өңдеу);
10) 8-үдеріс - «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ тұтынушының құжаттарында бұзушылықтардың болуына байланысты сұраныс берген қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;
11) 9-үдеріс - тұтынушының Орталық операторы арқылы «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ қалыптастырылған қызмет қорытындысын алуы (электрондық лицензия).
9. Қызметке сұраныс және қорытынды формасы «Е-Лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталында көрсетілген.
10. Электрондық мемлекеттік қызмет бойынша сұраныстың орындалу мәртебесін алушының тексеру амалдары: «электрондық үкімет» порталында « қызмет алу тарихы» бөлімінде, сондай-ақ уәкілетті органға жүгінген кезде.
11. Қызметті көрсету бойынша қажетті ақпаратты және кеңесті Call-орталығының (1414) ақысыз телефоны бойынша алуға болады.

## 3. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үрдісі кезіндегі өзара іс-әрекет тәртібінің сипаттамасы

12) Қызмет көрсету үдерісіне қатысатын ҚФБ:
1) ЭҮП;
2) ЭҮШ;
3) ЭҮТШ;
4) «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ;
5) ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ;
6) ХҚКО АЖ АЖО;
7) қызмет көрсетуші.

13. Олардың сипаттамасына сәйкес әрекеттердің жүйелілігі (қызмет көрсету үдерісінде) арасындағы логикалық байланысты көрсететін диаграмма осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.
14. Әр қимылдың орындалу мерзімі көрсетілген әрекеттердің (процедурасы, функциясы, операциясы) жүйелілігінің текстік, кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.
15. Тұтынушыларға көрсетілген қызмет нәтижесінің сапалық көрсеткіші және қол жетімділігі осы Регламенттің 3-қосымшасына сәйкес өлшенеді.
16. Тұтынушыға қызмет көрсету үрдісіне қойылатын талаптар:
1) құпиялылық (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттарды алудан

қорғау);

2) тұтастық түгелдік (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттардың өзгеруінен қорғау);

3) қолжетімділік (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттар мен қорларды ұстаудан қорғау).

17. Қызмет көрсетудің техникалық шарттары:

1) Ғаламторға шығу;

2) рұқсат берілетін тұлғаның ЖСН/БСН болуы;

3) ЭҮП авторизациялану;

4) пайдаланушының ЭЦҚ болуы;

5) банктік карточкасы немесе екінші дәрежелі банкта ағымдағы шотының болуы.

Озон қабатын бұзатын және құрамында олардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензиялар беру, лицензиялардың телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметі регламентіне 1-қосымша

## ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі міндеттерінің өзара іс-әрекетінің № 1-диаграммасы



**Қызмет көрсетуші арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі міндеттерінің өзара іс-әрекетінің № 2-диаграммасы**




**ХҚКО АЖ арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі міндеттерінің өзара іс-әрекетінің № 3-диаграммасы**



## Шартты белгілер:




Озон қабатын бұзатын және құрамында олардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензиялар беру, лицензиялардың телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметі регламентіне
2-қосымша

